

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ
МИНИСТРЛІГІ**



**М.Әуезов атындағы
Оңтүстік Қазақстан
мемлекеттік университеті**

**«БЕКІТЕМІН»
М.Әуезов атындағы ОҚМУ
ректоры
_____ Кожамжарова Д.П.
« 04. 12. 2018ж.»**

**М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде
«АНТИПЛАГИАТ» ЖҮЙЕСІН ҚОЛДАНУ
ЕРЕЖЕСІ**

М.Әуезов атындағы ОҚМУ Ғылыми кеңесінде бекітілген
30.11.2018 ж., № 4 хаттама

Шымкент 2018

Өңдеген: Нұрманбетов Қ.Е.-бірінші проректор

Құрастырғандар:

Байболов Қ.С. – Оқу және ОӘЖ жөніндегі проректоры

Тасыбаева Ш.Б. – Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті білім беру бағдарламаларын әдістемелік қамтамасыз ету орталығының басшысы

Инкарбеков С.А. – Компьютерлік технологиялар және телекоммуникация орталығының басшысы

Пернебеков С.С. – Академиялық мәселелер жөніндегі департаменті директорының орынбасары

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың « Антиплагиат» жүйесін қолдану ережесі.
– Шымкент: М.Ауезов атындағы ОҚМУ, 2018. – 14 б.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ декан сағатында қаралды (5 қараша 2018ж, №9 хаттама)

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Университетте ішкі білім сапасын қамтамасыз ету жүйесі келесі негізгі қағидаларға негізделген:

- білім беру қызметтерінің сапасын қамтамасыз ету;
- білім алушылардың білім алу және жазбаша жұмыстарды (бақылау, эссе, курстық, дипломдық, диссертациялық жұмыстар) орындау кезінде шынайылығы көрініс тапқан академиялық адалдыққа негізделген оқу үдерісінің сапасын қамтамасыз ету [1,2].

Академиялық адалдық оқу үрдісінің басты қағидасы болып табылады. Антиплагиатқа жол бермеу үшін білім алушылардың жазбаша жұмыстарының барлық түрлері (бақылау жұмыстары, эссе, курстық, дипломдық жұмыстар, диссертациялар) антиплагиатқа қарсы бағдарлама бойынша тексеріледі [1,2].

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде «Антиплагиат» жүйесін қолдану ережесі (ары қарай Ереже):

1) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 19.12.14ж. №1332, 07.04.2017ж. №181 қаулысымен енгізілген толықтырулар

2) Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 19.12.14ж. №1332, 07.04.2017ж. №181 қаулысымен енгізілген толықтырулар.

3) Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген, 13.05.2016ж. №292 қаулысымен өзгертілген.

4) Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген, 13.05.2016ж. №292 қаулысымен өзгертілген.

5) Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. (12.10.2018ж. №563 бұйрықпен өзгертулер енгізілген)

6) Жоғары білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің типтік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығы. (30.01.2017ж №36 өзгертулер мен толықтырулармен)

7) ОҚМУ жарғысы;

8) М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ң ішкі тәртіп ережелері;

9) М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ң Академиялық адалдық ережелеріне сәйкес жасалған.

Ережеде белгіленген:

- Академиялық адалдықты бұзу түрлері;
- «Антиплагиат» жүйесінде тексеруге жазбаша жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі;
- Университетте «Антиплагиат» жүйесін пайдалану тәртібі;
- Университет кафедралары мен құрылымдық бөлімдерде StrikePlagiarism.com жүйесін қолдану тәртібі;
- Жазбаша жұмыстарды тапсыру және тексеру мерзімдері;
- Жазбаша жұмыстардың плагиатқа тексеру нәтижелері;
- Жазбаша жұмыстардағы авторлық мәтінімен сілтемелер жасау арақатынасының нормалары;
- Тараптардың жауапкершілігі.

Жазбаша жұмыстардың түпнұсқалылығын анықтау үшін университетте StrikePlagiarism.com. антиплагиат ғаламтор-жүйесі қолданылады.

StrikePlagiarism.com. мәтіндік құжаттарды салыстырудың онлайн құралы болып табылады.

StrikePlagiarism.com.(ары қарай- «Антиплагиат» жүйесі) төмендегі мазмұн деректер базалары үшін барлық жіберілген құжаттарды тексереді:

- университеттің дерекқоры (мұрағаттық құжаттар);
- басқа ЖОО құжаттарының мәліметтер базасы;
- дүниежүзілік веб-ресурс;

Компьютерлік технологиялар және телекоммуникациялар орталығының бастығы - студенттердің жазбаша жұмысын тексеру жұмыстарын үйлестіретін жүйе әкімшісі болып табылады;

Жазбаша жұмыстарды ұрлап пайдалануды (плагиаттың) тексеруді қамтамасыз етеді:

- 1) Компьютерлік технологиялар және телекоммуникациялар орталығы (әрі қарай - КТЖТО);
- 2) Академиялық мәселелер жөніндегі департамент (әрі қарай - АМЖД).
- 3) Университет кафедралары
- 4) Деканаттар.

Академиялық мәселелер жөніндегі департамент директоры білім алушылардың жазбаша жұмыстарына плагиат көлемін бақылау жұмысын жүргізеді.

КТЖТО бастығы кафедра жауаптыларының қызметіне жалпылай басшылық жүргізеді.

КТЖТО бастығы қамтамасыз етуге міндетті:

- «Антиплагиат» жүйесін тиісті техникалармен жарақтандыру;
- Жазба жұмыстарын өзге дереккөзбен сәйкестілігін "Антиплагиат" бағдарламасында тексеруден өткізу кезеңінде автоматтандырылған жүйенің жұмысын үздіксіздігін;
- Жүйеде тексеруден өткен жазбаша жұмыстардың электронды нұсқаларын пайдалана отырып, университетте орнатылған «Антиплагиат» мәтіндерді автоматтандырылған тексеру жүйесінде жеке дереккөздерді қалыптастыру.

Бітіруші кафедра жауаптыларының қызметіне тікелей бақылауды КТиТО желілік және техникалық қолдау бөлімі жүзеге асырады.

Барлық жазба жұмыстар [2] сілтеме сәйкес плагиаттан тексеру тәртібі мен рәсімін ЖОО өз бетінше айқындайды.

М.Әуезов атындағы ОҚМУ-да ұрлап пайдалану (плагиат) бойынша жазбаша жұмыстарды тексеру студенттер мен магистранттардың дербестігін қамтамасыз ету және плагиатқа жол бермеу мақсатында жүргізіледі.

Студенттер мен магистранттардың жазбаша жұмысын дербес орындау білім беру үдерісінің тиімділігі үшін, сондай-ақ студенттердің тәуелсіз білім беру және ғылыми жұмысында дағдыларын дамыту үшін алғышарт болып табылады.

Академиялық адалдықты бұзу түрлері

Плагиат - автордың рұқсатынсыз және оның ғылыми-зерттеу жұмысына сілтеме жасамай өзіне иемдену немесе пайдалану.

Плагиат келесі нысандарда көрініс алады:

- дәйексөздерге тиісті тыныс белгілерін (тырнақшалар) қоймай қолдану және / немесе дереккөздің сілтемесін көрсетпеу;
- дереккөздің сілтемесін көрсетпей өзгертіп қолдану;
- авторға сілтеме жасамай, біреудің идеяларын немесе дәлелдерін пайдалану;
- жазбаша жұмысты толығымен немесе ішінара басқа білім алушыдан көшіруі;
- ғаламтордан алынған курстық / дипломдық және магистрлік диссертацияны/ жобаны ұсыну;

1 «Антиплагиат» жүйесінде тексеруге жазбаша жұмыстарды тапсыру және қабылдау тәртібі

- 1.1. Білім алушылардың жұмысына тексеру жүргізуге жауапты жүйелік операторларды (ары қарай администраторлар) жыл сайын ПОҚ-нан факультеттер мен жоғары мектептер декандарымен келісе отырып, кафедра меңгерушілері тағайындайды.
- 1.2. Білім алушы жазбаша жұмысқа тапсырма алғаннан кейін №1 Қосымшаға сәйкес өтініш толтырады, онда «Антиплагиат» жүйесімен жұмысын тексеру туралы талаппен танысу фактісі тіркеледі;
- 1.3. Плагиатты анықтау және алдын-алу үшін білім алушы норма бақылау рәсімінен өткен соңғы редакциядағы жұмыстың мәтінін жазбаша және электронды түрде кафедра администраторына ұсыну керек.
- 1.4. Плагиатқа тексеру үшін жазбаша жұмыстардың электронды нұсқаларын doc, docx, rtf (Microsoft Word) форматында (CD, DVD, флэш)

электронды тасымалдаушылармен ұсыну қажет. 20 Мб-тан жоғары файлдарды мұрағаттау керек. Жазбаша жұмыстарды қабылдау тек қағаз немесе тек электрондық түрде қабылданбайды.

- 1.5. Жазбаша жұмыстарды қабылдау М.Әуезов атындағы ОҚМУ-дың магистранттық немесе студенттік билетін ұсынғанда ғана жүзеге асырылады;
- 1.6. Электрондық файлда автордың А.Ж.Т. мен тексерілетін жұмыстың түрі (магистрлік диссертация/жоба, дипломдық жұмыс/жоба, курстық жұмыс /жоба) көрсетілуі қажет.
Жұмыстың мәтіні жазбаша және электрондық түрде бірдей және бөлінбейтін болуы тиіс. Егер мәтіндер арасында айырмашылықтар анықталса, жұмыс «Антилигат» жүйесінде тексеруге жіберілмейді және туындаған жағдай хаттамада жазылады. Содан кейін білім алушы екі күн ішінде әкімшіге жұмысының ұқсас нұсқаларын ұсынуға міндетті.
- 1.7. Студенттер мен магистранттар тексеру үшін жазбаша жұмыстардың электронды нұсқаларын келесідей етіп дайындауы тиіс: файлдардан келесі элементтерді алу керек: титул парағы, әдебиеттер тізімі, қосымшалар, графиктер, кестелер, кестелер, диаграммалар, сызбалар, карталар.
- 1.8. Жазбаша жұмыстарды қабылдау-өткізу фактісі бітіруші кафедралардың администраторлары «Жазбаша жұмысты тіркеу журналына» тіркеуімен жеке шоттың нөмірін тағайындау арқылы студентке хабарланады және кафедра бойынша жауаптының және білім алушының жеке қолымен расталады;
- 1.9. Администраторлар жазбаша жұмыстардың қағаз және электрондық нұсқаларына толық сәкестігін тексереді. Тексеру мерзімі: жазбаша жұмысты алынған жұмыс күні кезінде болады.
- 1.10. Жазбаша жұмыстың қағаз және электронды нұсқалары арасында сәйкессіздік болған жағдайда, бітіруші кафедра меңгерушісі жазбаша жұмыстың авторларымен дұрыс нұсқасын анықтау үшін бұл жұмыстарды ғылыми жетекшісіне қайтаруға міндетті.
- 1.11. Жүйелік администратор дипломдық жұмысты (жоба) «Антиплагиат» жүйесінде тексеруден өткендігі туралы №2 қосымшаға сәйкес анықтама дайындайды және оны білім алушының жетекшісіне береді.
- 1.12. Білім алушы жұмысының тексеру нәтижесін білуге құқылы.
- 1.13. Ғылыми жетекші білім алушының жазбаша жұмыстарын қорғауға жіберерде «Антиплагиат» жүйесінің нәтижесін ескереді.
- 1.14. Егер білім алушы ғылыми жетекшісінің «Антиплагиат» жүйесімен жазбаша жұмысын тексеру нәтижелеріне келіспесе, жазбаша жұмыс жүргізілетін кафедра меңгерушісі плагиаттың болуын тексеру үшін комиссияны тағайындайды. Жұмысты қорғауға жіберу туралы соңғы шешім кафедра отырысында қабылданады.
- 1.15. Кафедра меңгерушілері жұмыстарға пікір білдіретін оқытушыларды тағайындайды және жазбаша жұмысты қорғауға жіберу/жібермеу туралы шешім қабылдайды.

- 1.16. Студентке жазба жұмысының өз бетімен дербес орындауға қатысты мұғалімдерге өз ұстанымын айту мүмкіндігі беріледі.
- 1.17. Жазбаша жұмыстың «Антиплагиат» жүйесінде тексеру қорытындысы білім алушыға баға қою кезінде ескеріледі және ғылыми жетекшінің пікіріне енгізіледі.
- 1.18. Білім алушының жұмысын Antiplagiat.kz жүйесінде алдын ала тексеруіне мүмкіндік бар.

Ескерту *Antiplagiat.kz жүйесінде өздігінен тексерген кезде, түпнұсқа мәтіннің пайызы университеттің «Антиплагиат» жүйесінде тексергеннен жоғары болатынын ескеру қажет, себебі университетте тексеру көп дерек көздерден жүргізіледі.*

2 Жазбаша жұмыстарды тапсыру және тексеру мерзімдері

2.1 Білім алушы жазбаша жұмысын «Антиплагиат» жүйесінде тексеруге беруге міндетті:

- Магистрлік диссертациялық жұмыстарды/жобаларды қорғау күнінен кемінде 20 күн бұрын;
- Бакалавр мен мамандардың дипломдық жұмыстары/жобаларын қорғау күнінен кемінде 10 күн бұрын;
- Бакалавр мен мамандардың курстық жұмыстарын/жобаларын қорғау күнінен кемінде 10 күн бұрын;

2.2 Оқытушы / Ғылыми жетекшісі 10 күнтізбелік күн ішінде жұмысты түзетуге және (немесе) плагиатқа қайта тексерту туралы немесе жазбаша жұмысты қорғауға жіберу туралы шешім қабылдауға міндетті.

2.3 «Антиплагиат» жүйесі бойынша кафедра администраторы жазбаша жұмысты тапсырылған уақыттан бастап 1 күнтізбелік күн ішінде оның тексерілгендігі туралы анықтаманы ресімдеуге міндетті.

2.4 Ғылыми жетекші есепті талдайды және шешім шығарады:

- қайта қарау қажет;

-жұмысты қабылдау. Жұмыста осы ережеде белгіленген авторлық және плагиат мәтінінің жазбаша жұмыстарға белгіленген рұқсат етілген нормалар қатынасы болуы тиіс.

2.5 Егер жұмыс қайта қарауға жіберілсе, студент жұмысты 5 күнтізбелік күн ішінде түзете алады, сосын плагиаттан қайта өткізеді. Бұл жағдайда плагиаттан өткізуді факультет / жоғары мектеп деканаты жүзеге асырады.

2.6 Жазбаша жұмыстан плагиатты анықтаған жағдайда білім алушы жұмысты қайта қарап және плагиаттан ақылы негізде өткізеді.

2.7 Егер жазбаша жұмыс қабылданбаса, кафедра басшылығы жазба жұмыстың(магистрлік диссертация/жоба, дипломдық жұмыс/жоба, курстық жұмыс /жоба) тақырыбын сақтайды немесе жаңа тақырыпты анықтай отырып, қорғауды қорытынды мемлекеттік аттестациялаудың келесі кезеңіне қалдыру туралы шешім қабылдайды.

2.8 Егер студент кафедраның шешімімен келіспеген жағдайда, 3 күнтізбелік күн ішінде ректордың атына шағымдануға құқылы және оның жұмысы келесі іс-әрекеттерде талданады:

- Жұмыс қайта қарауға жіберіледі, содан кейін қайтадан плагиатқа қарсы рәсімдерден өтеді, хаттама түзіледі және жұмыс қорғауға жіберіледі;
- Апелляция қанағаттандырылса, ал дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба үш жұмыс күнінің ішінде норма бақылау рәсімінен өтеді, содан кейін ол қорғауға жіберіледі;
- Апелляция қанағаттандырылмаса, қорғау қорытынды мемлекеттік аттестацияның келесі кезеңіне ауыстырылады, сонымен қатар тақырыптың сақталуы немесе жазбаша жұмыстың жаңа тақырыбы (дипломдық жұмыс/жоба, магистрлік диссертация/жоба) анықталады.

2.9 Жазбаша жұмыстарды қалыптасқан «Антиплагиат» жүйесінде тексеру нәтижелері бойынша есептерді өңдеуді және талдауды АМЖД директоры жүзеге асырады;

3 Жазбаша жұмыстардағы авторлық және көшірілген мәтінінің рұқсат етілген арақатынас нормалары*

Мәтіннің түпнұсқалылығы %	Магистрлік диссертациялық жұмысқа рұқсат етілу тәртібі
60 кем емес	Қорғауға рұқсат етіледі
50-59	Плагиатқа тексеру туралы есептің талдауында жұмыстың өз бетімен дербес орындалғандығы расталған болса, кафедраның шешімімен қорғауға жіберіледі. Қабылдау туралы шешім ғылыми жетекшінің пікірімен рәсімделеді.
49 кем	Жұмыс белгіленген тақырыпты сақтай отырып, 10 күн ішінде қайта қарауға қайтарылады, содан кейін жұмысты қорғау басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей қайта тексеруге жіберіледі.

Мәтіннің түпнұсқалылығы %	Дипломдық жазбаша жұмысқа (жоба) рұқсат ету тәртібі
50 кем емес	Қорғауға рұқсат етіледі
45-49	Плагиатқа тексеру туралы есептің талдауында жұмыстың өз бетімен дербес орындалғандығы расталған болса, кафедраның шешімімен қорғауға жіберіледі. Қабылдау туралы шешім ғылыми жетекшінің пікірімен рәсімделеді.

45 кем	Жұмыс белгіленген тақырыпты сақтай отырып, 10 күн ішінде қайта қарауға қайтарылады, содан кейін жұмысты қорғау басталғанға дейін 10 күннен кешіктірмей қайта тексеруге жіберіледі.
--------	--

Мәтіннің түпнұсқалылығы %	Курстық жұмысқа (жоба) рұқсат ету тәртібі
30 кем емес	Қорғауға рұқсат етіледі
25-29	Плагиатқа тексеру туралы есептің талдауында жұмыстың өз бетімен дербес орындалғандығы расталған болса, кафедраның шешімімен қорғауға жіберіледі. Қабылдау туралы шешім ғылыми жетекшінің пікірімен рәсімделеді.
25 кем	Жұмыс белгіленген тақырыпты сақтай отырып, 5 күн ішінде қайта қарауға қайтарылады, содан кейін жұмысты қорғау басталғанға дейін 5 күннен кешіктірмей қайта тексеруге жіберіледі.

* - көрсетілген нормалар ұсынымдық сипатта және пән мен мамандық бойынша жазбаша жұмыстарды дайындаудың ерекшеліктерін ескере отырып, кафедра меңгерушісінің шешімімен өзгертілуі мүмкін.

4 Тараптардың жауапкершілігі

4.1 Білім алушы белгіленген мерзімде өзінің жазба жұмысын "Антиплагиат" тексеру жүйесіне ұсынуға жауапты.

4.2 Соңғы тексерулерде теріс нәтиже шықпас үшін, алдын-ала өткізілген бірнеше тексерулер барысында файлдың атауы өзгермеуі тиіс. Барлық өзгерістер мен реттік нөмірлерді тексеру туралы мәліметтер тек пікірде жазылады.

4.3 Өз бетімен дербес орындалмаған жұмыстар қорғауға жіберілмейді және оң бағаланбайды. Антиплагиатқа үшінші рет тексеру ақылы негізде жүргізіледі.

4.4 Академиялық адалдық Ережесінің қағидаттарын бұзып, жазба жұмыстарында плагиат анықталған жағдайда студенттер мен магистранттарға М.Әуезов атындағы ОҚМУ студентіне лайықсыз мінез танытқаны үшін тәртіптік жаза қолданылады.

4.5 Білім алушының жұмысын белгіленген мерзімде тексеруге, қайта қарауға жіберуге және плагиатқа қайта тексеруден өткізу туралы шешімді қабылдауға, сондай-ақ жазбаша жұмысты алдын-ала қорғауға жіберуге ғылыми жетекшісі жауапты.

4.6 "Антиплагиат" жүйесінің администраторы жазбаша жұмыстың дұрыс тексерілуіне және белгіленген мерзімде тексеру нәтижелері туралы анықтама беру үшін жауапты.

5 Мәтіннің түпнұсқалығы туралы есептің мәтіні

Мәтіннің түпнұсқалығы туралы есебінде пайдаланылатын түстердің мағынасын сипаттау:

Жасыл – әлемдік желідегі дерек көздерінен алынған үзінділер;

Қызыл- университет және басқа да базалардан табылған деректердің үзінділері;

Сары - «дабыл», басқа алфавитке жататын символдар, сондай-ақ мәтінді бұрмалау арқылы көшіріп алу әрекеттерін жасыру.

ТЕРМИНДЕР МЕН ТҮСІНІКТЕР

Осы Ережеде мынадай терминдер мен анықтамалар қолданылады:

Академиялық адалдық – білім алушылар жазбаша жұмыстарда (бақылау, эссе, курстық, дипломдық, диссертациялық жұмыстар), емтихандарда жауап беруде, зерттеулерде, академиялық қызметкерлермен, оқытушылармен және басқа білім алушылармен қарым-қатынас кезінде өз пікірін білдіру және бағалау кезінде білім алушының адалдығын анықтайтын құндылықтар мен қағидаттар жиынтығы [2];

Жазбаша жұмыс - жазбаша жұмыстарға студенттер мен магистранттардың орындаған курстық жұмыстары және дипломдық, диссертациялық жұмыстары жатады;

Курстық жұмыс (жоба) - арнайы пәндерді оқып үйренудің соңғы сатысы болып табылады және білімнің топтастырылуына, тереңдетілуіне, жалпылануына және осы білімнің нақты мәселелерді шешуге ықпал етуі тиіс.

Дипломдық жұмыс (жоба) - таңдаған мамандығы бойынша өзекті мәселелерді студенттің дербес жұмыс нәтижелерінің жиынтығы болып табылатын қорытынды жұмысы;

Магистрлік диссертация - ғылымның қазіргі теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктеріне негізделген таңдап алынған мамандық бойынша теориялық және / немесе практикалық әзірлемелерді қамтитын дербес ғылыми зерттеу болып табылатын магистранттың ғылыми-педагогикалық магистратурасының қортынды жұмысы;

Магистрлік жоба - таңдаған мамандықтың өзекті мәселесінің қолданбалы мәселелерін шешуге мүмкіндік беретін теориялық және / немесе тәжірибелік нәтижелерді қамтитын тәуелсіз зерттеу болып табылатын магистранттың кәсіптік магистратураның қорытынды біліктілік жұмысы;

Иелену - бөтен адамның дәйекті сөздері мен жазбаша жұмыстарын құқықтық және құқықтық емес жүзінде пайдалану.

Дұрыс дәйексөз - бұл мәтіннің үзіндісіне автордың атын, жұмыс атауын көрсеткен және сілтеме жасау мақсаты негізделген дәрежедегі дәйексөз.

Дұрыс емес дәйексөз - бұл мәтіннің үзіндісін автордың атын, жұмыс атауын көрсетпестен және сілтеме жасау мақсаты негізделмеген дәрежедегі дәйексөз.

Плагиат – автордың рұқсатынсыз және оның ғылыми-зерттеу жұмысына сілтеме жасамай өзіне иемдену немесе пайдалану.

Қолданылған әдебиеттер көздері

1. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 19.12.14ж. №1332, 07.04.2017ж. №181 қаулысымен енгізілген толықтырулар
2. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013ж. 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидалары. ҚР Үкіметінің 19.12.14ж. №1332, 07.04.2017ж. №181 қаулысымен енгізілген толықтырулар.
3. Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты. Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген, 13.05.2016ж. №292 қаулысымен өзгертілген.
4. Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 Қаулысымен бекітілген, 13.05.2016ж. №292 қаулысымен өзгертілген.
5. Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы. (12.10.2018ж. №563 бұйрықпен өзгертулер енгізілген)
6. Жоғары білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгеріміне ағымдағы бақылауды, оларды аралық және қорытынды аттестаттауды өткізудің типтік қағидалары. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы N125 Бұйрығы. (30.01.2017ж №36 өзгертулер мен толықтырулармен)
7. ОҚМУ жарғысы;
8. М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ң ішкі тәртіп ережелері;
- 9.М.Әуезов атындағы ОҚМУ-ң Академиялық адалдық ережелеріне сәйкес жасалған.

**"АНТИПЛАГИАТ" ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАЗБАША ЖҰМЫСТЫ
ТҮПНҰСҚАЛЫҚҚА ТЕКСЕРУ РӘСІМІМЕН ТАНЫСУ ТУРАЛЫ
ӨТІНІШІ**

Мен, _____,
Т.А.Ж.

_____ мамандығының
_____ курс магистранты (студенті), менің

_____ жұмыс түрі (курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, магистрлік диссертация)

тақырыбындағы жұмысым, Академиялық адалдық ережелеріне сәйкес «Антиплагиат» жүйесімен тексеріледі, соған сәйкес жазба жұмыстан плагиатты анықтаған жағдайда қорғауға жіберілмеуге негіз болып табылатындығы жайлы таныстым.

Баспа және электронды дереккөздерден, сондай-ақ бұрын қорғалған жазбаша жұмыстардан, магистрлік және докторлық диссертациялық жұмыстардан тікелей алынып пайдаланылған мәтіндер тиісті сілтемелері көрсетілген.

ҚОЛЫ

күні

**"АНТИПЛАГИАТ" ЖҮЙЕСІНДЕ ЖАЗБАША ЖҰМЫСТЫ
ТҮПНҰСҚАЛЫҚҚА ТЕКСЕРУ НӘТИЖЕЛЕРІ ТУРАЛЫ
АНЫҚТАМА**

_____мамандығы _____тобының
_____курс магистранты (студенті) _____
ТАЖ
_____тақырыбындағы
_____жұмыс түрі (курстық жұмыс, дипломдық жұмыс, магистрлік диссертация)

М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде
Академиялық адалдық Ережелеріне сәйкес тексерілді.

Жүргізілген талдауға сәйкес _____% түпнұсқа мәтін болып
табылады.

Қолы

Күні